

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Бердібек Соқпақбаев-ұлттық руханият

ЖАРИЯЛАНДЫ
29.11.2024СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/170733/>

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі А.Ниязбекова

Қазақ әдебиетінің шоқтығы биік тұлғаларының бірі, балалық шақтың сырлы әлемін, қазақ әдебиетінің алтын қазынасына айналған шығармаларды өмірге әкелген әйгілі жазушы Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай, қарашаның 23 жұлдызында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Қ.Палманова, М. Сатымбай, А.Ниязбекованың жетекшілігімен, «Б»В», «Б»Г», «Б»Е» сыныптарының арнайы дайындаған әдеби-танымдық кеші өткізілді. Кештің мақсаты-жазушының шығармалары арқылы адамгершілікке тәрбиелеу, туындыларын тереңірек түсініп, өмірлік ұстанымдары мен жауапкершілікті бағалауға үйрету, мұрасын дәріптеу. Кештің барысында жазушының өмірбаяны айтылды, өлеңдері оқылды, «11»Ә» сынып оқушыларының Онғар Айгерім, Сүлейменова Жадыра, Суюнова Каринаның орындауында «Менің атым -Қожа» фильміндегі «Бала махаббат», «Асыл әже» әні шырқалып, хикаяттарынан үзінді жатқа оқылып, «Менің атым -Қожа» «әңгімесінен үзінділері сахналанды, «Соқпақбаев әлеміне саяхат» ойыны арқылы сұрақ-жауап түрінде оқушылардың жазушы өмірін қаншалықты білетіні анықталды.

Кеште жазушының әдеби мұрасы, оның шығармаларының тәрбиелік маңызы, көркемдік тереңдігі мен заманауи жастарға берер өнегесі кеңінен талқыланды.

Бердібек Соқпақбаевтың туындылары – әр қазақ баласының жүрегінде мәңгі орын алған асыл қазына. Бұл кеш Соқпақбаев мұрасының мәңгілік екенін тағы бір дәлелдеп, жастардың бойында әдебиетке деген құрмет пен сүйіспеншілікті оятуға сеп болды деп ойлаймын! Бердібек Соқпақбаев мұрасы мәңгілік!!!

ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.